



ҚАТНАСҚАН

Бұрабай ауданы

білім бөлімінің басшысы

А.Ахмеджанова



БЕКІТЕМІН

«Арман»

БЖШО директоры

А.Тургужина

**Дүниежүзілік СПИД-ке қарсы күрес күні
аясында «Жоқ –деп айтуды біл!» сырттай аудандық вайн-бейнероликтер
байқауын өткізу туралы
ЕРЕЖЕСІ**

Мақсаты: Оқушылардың темекі шегу және есірткі қолданудың зияны туралы білімдерін тереңдету. Электронды темекіні ерте қолдану мәселесіне назар аудару, темекі шегудің, нашақорлықтың жас ұрпақтың денсаулығына әсері.

Міндеттері:

- адамның өз денсаулығы үшін жеке жауапкершілігі туралы түсінік қалыптастыру;
- электрондық темекінің адам ағзасына әсер ету ерекшеліктерін анықтау;
- оқушылардың электрондық темекіге қатынасын анықтау;
- өз мінез-құлқына жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастыру.

Байқаудың ұйымдастырушылары: «Арман» БЖШО

Байқаудың қатысушылары мен шарттары:

Байқауға Ақмола облысының жалпы, қосымша білім беру мекемелерінің 8-11 сынып оқушылары. Бурабай ауданының мектептері қатыса алады.

Әр мектептен **1- 3 вайн-бейнероликке дейін** қабылданады.

Байқауға тақырыпқа сәйкес келетін кез келген қолжетімді құралдармен түсірілген (жасалған) оқыту және ойын-сауық сипатындағы вайн-бейнероликтерін ұсыну қажет. Бейнеролик өзектілігімен, өзіндік қайталанбастығымен ерекшеленуі тиіс. Байқауға бұрын қандай да бір байқауларға қатыспаған немесе қандай да бір марапаттарға ие болмаған бейнероликтер ғана қабылданады.

Байқауға басқа адамдардың қадір-қасиетін және сезімдерін қорлайтын, байқау тақырыбына сай келмейтін жарнамалық сипаттағы роликтер, авторлық қатысушыға тиесілі болмаған, сондай-ақ анонимді бейнероликтер қабылданбайды.

Бейнеролик форматының міндеті – ойды жеткізу және мүмкіндігінше қысқа уақыт ішінде қызығушылықты ояту.

Қатысушылар ұзақтығы 1 минуттан аспайтын бейнероликті armanshuch@mail.ru электрондық поштаға ұсынады Байқау қорытындысы

бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Үздік вайндар облыстық байқауына қатысады.

Бейнероликке қойылатын талаптар:

- бейнеролик форматы: көлденең түсіру, DVD, MPEG4;
- бейнероликтің ең аз ажыратымдылығы – 720x480 (12: 8 см);
- бейнероликтің ұзақтығы – 1 минутқа дейін;
- бейнероликтер автордың атымен (бейнероликтің атауы, бейнероликтің жалпы ұзақтығымен) ақпараттық заставкамен рәсімделуі тиіс;
- бейнероликті монтаждау және түсіру кезінде арнайы бағдарламалар мен құралдарды қолдану – қатысушының өз қалауында; сюжеттің идеясы авторлық болуы қажет.
- қатысушылар бейнеролик жанрын өздері анықтайды (сұхбат, репортаж, бейнеклип, мультфильм және т. б.);
- роликте фотосуреттерді пайдалануға болады.

Өтінімдерді қабылдау тәртібі:

Байқау 2024 жылдың 18 қараша күні сырттай өткізіледі. Мектеп басшысының қолымен және мөрімен расталған өтінімдер мен бейнелер 2024 жылдың 15 қарашасына дейін armanshuch@mail.ru электрондық поштасына қабылданады. Байланыс телефондары: 4-32-49.

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы жеңімпаздарды анықтайды. Жеңімпаздар мадақтамалармен марапатталады. Байқаудың барлық қатысушыларына белсенді қатысканы үшін мадақтамалар беріледі.

Бағалау критерийлері:

- 1) жұмыстың тақырыпқа сәйкестігі;
- 2) белгіленген уақытты сақтауы;
- 3) түсірілім, бейне, дыбыс сапасы;
- 4) бейнероликтің креативтілігі (идеяның жаңалығы, өзіндік ерекшелігі, ойлау икемділігі);
- 5) арнайы құралдарды меңгеру деңгейі

Байқауға қатысуға өтінімнің үлгісі

№	Қатысушының аты-жөні, байланыс телефоны (whatsapp)	мектеп	Мектебі/сыныбы	Бағыты	Жетекшінің аты-жөні, байланыс телефоны (whatsapp)